

Логопедиялық әсер бұл келесі құралдардың көмегімен жүзеге асырылатын педагогикалық процесс: оқыту, тәрбиелеу, түзету, копенсация, бейімделу, сөйлеу бұзылыстарының алдын алу. Логопедиялық әсер етудің негізгі мақсаты - сөйлеу дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. Логопед баланы сөйлеуге үйретудің ең үнемді және тиімді әдісін табуы керек. Қажет болған жағдайда, логопедиялық әсерді медициналық әсермен және нейрологопедияны біріктіруге болады

Бұл әдістердің тиімділігі шет елдік жетекші институттары мен клиникаларында ғылыми дәлелденген. Бақылаулар мынаны көрсетеді: нейрологопедиялық зерттеу әдістері баланың сөйлеу проблемаларын жою процесін кем дегенде 35% жеделдетуге мүмкіндік береді.

Бірақ бұдан да басқа нейрологопедиялық түзетудің "жанама әсері" - баланың интеллектуалды және психологиялық дамуында және баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, оқуын және мінез-құлқында біршама жетістікке жеткізеді.

- 1.Выготский Л. С. История развития высших психических функций. М., ПСС. Т.3,1986.
- 2.Визель Т.Г. Основы нейропсихологии: учеб. для студентов вузов Т.Г. Визель. -- М.: АСТАстрель Транзиткнига, 2005.- 384,(16)с.- (Высшая школа).
- 3.Лурия А. Р., Цветкова Л. С. Нейропсихология и проблемы обучения общеобразовательной школе. Москва — Воронеж, 1999 г.
4. Волкова Л.С. Логопедия. – М.: Владос, 2009.

Боранқұлова Г.М. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогика факультеті, ПЖП-33 тобы, студент

(Ғылыми жетекші — П.ғ.к., қауымдастырылған профессор Айтжанова Р.М.)

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бүгінгі қоғам жеке тұлғаның үйлесімді дамуына қажетті білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояды. Заманауи білім берудің міндеті – сыни тұрғыдан ойлай алатын, білімді өз бетімен «ашатын», ақпарат ағынына жылдам бағдарлана алатын, таңдау жағдайында дұрыс шешім таба алатын азаматтарды тәрбиелеу. Бұл міндетті жүзеге асыру объективті түрде балаларды оқыту мен тәрбиелеуге сапалы жаңа көзқарасты талап етеді. Қазіргі таңдағы білім дамытушы рөлін атқаруы қажет, баланың ақыл-ой әрекеті мен білімін байытып, шығармашылық және коммуникативті қабілеттерін қалыптастыру керек. Балалардың дамуын ынталандыратын, олардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытудың тиімді бағдарламаларымен қамтамасыз ететін үздіксіз білім берудің ең маңызды кезеңі ретінде бастауыш білім беру жүйесіне ерекше назар аударылуы қажет. Қазіргі білім беру жүйесінде қажеттіліктері, қызығушылықтары, қасиеттері және дара ерекшеліктері бар жеке тұлға басым субъект екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты білім берудің білімге негізделген парадигмасынан, тұлғаға бағытталған парадигмаға белсенді түрде көшу жүріп жатыр, сондықтан білім беру мекемесінің оқу-тәрбие процесінің бастауыш мектеп оқушыларын дамытуға бағдарлануы өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл маңыздылық мемлекеттік құжаттарда (Қазақстан Республикасындағы білім: Заңнамалық актілер жинағы [1], Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [2]) көрсетілген талаптармен де байланысты.

Қоғам мен білім берудің қазіргі заманғы ақпараттандыру кезеңінде байланыстардың кеңеюі балалардың коммуникативті дағдыларының өнімділігінің төмендеуімен, сананың виртуалдануымен, вербальды ойлаудың визуалды түрге ығысуымен, ақпаратқа тәуелділікпен, баланың шынайы адамдық қарым-қатынас әлемінен алшақтауымен және сөйлеу дағдыларының төмендеуімен қатар жүреді. Осы мәселе төңірегінде алынған бақылау нәтижелері балалардың сөздік қорының шектеулі болуына байланысты, өз ойын нақты жеткізе алмайтындығын көрсетеді. Дегенмен, осыған қарамастан бастауыш мектеп оқушылары ойын әрекетінде өздерін барынша көрсетуге белсенділік танытады. Сондықтан бастауыш мектеп оқушыларының коммуникативті дағдыларын ойын әрекеттері арқылы дамыту тиімді болып табылады. Бұл өз кезегінде бастауыш мектеп оқушыларының мектепке бейімделу процесінің ұзақтығы мен ауыртпалығына, олардың мектеп жағдайында және болашақтағы ересек өмірінде одан әрі әл-ауқаты болуына өз өнімділігін береді.

Ғылыми зерттеулерде кеңінен қамтылғанына қарамастан, бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәселесі өзекті болып қала береді. Себебі дәл осы жас кезеңінде оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуы қарқынды түрде жүреді. Бастауыш мектеп оқушысы осы жас шағында өзінің мінез-құлқына жауапкершілікпен қарауды, айналасындағы адамдармен жағымды қарым-қатынас орнату үшін қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастыруды үйренеді. Өзін-өзі тәртіпке келтіру, жеке және топтық әрекеттерді ұйымдастыру қабілеті қалыптасады, бірлескен іс-әрекеттегі ынтымақтастық, қарым-қатынас және қарым-қатынастың құндылығы жүзеге асады. Баланың айналасындағы адамдармен қаншалықты оңай тіл табысып, қарым-қатынас орнатуы оның одан әрі оқу және еңбек қызметіне, өмірдегі орнына тікелей өз әсерін берері сөзсіз.

Бастауыш мектеп жасы – оқушы өміріндегі маңызды жас кезеңі болып табылады. Психикалық дамудың қазіргі кезеңділігінде ол 6-7 жастан 9-11 жасқа дейінгі кезеңді қамтиды [3]. Бұл жаста балаларда өмір салтының өзгеруі орын алады: жаңа талаптар, оқушыға жаңа әлеуметтік рөл, іс-әрекеттің принципті жаңа түрі – оқу әрекеті. Мектепте ол жаңа білім мен дағдыларға ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болады. Баланың қызығушылықтары, құндылықтары, қарым-қатынас жүйесіндегі орнын қабылдауы өзгереді. Алғашқы коммуникативті дағдылар белгілі бір дәрежеде мектепке барған кезде пайда болады. Бастауыш мектеп жасы балалардың коммуникативті дағдыларын дамытудың сензитивті кезеңі, бұл кезеңде оқушылар бір-бірінің мінез-құлқын бақылауға және бағалауға, диалог жүргізуге үйренеді, бұл баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы коммуникативті дағдыларының жетекші рөлін анықтайды. Мектепке келген бала автоматты түрде адами қарым-қатынас жүйесінде мүлде жаңа орын табады: оның оқу әрекетімен байланысты тұрақты міндеттері пайда болады.

Бастауыш сынып оқушысы үшін коммуникативтік дағдылардың маңызы қандай?

Біріншіден, бұл оқу жетістігіне әсер етеді. Қарапайым мысал: егер оқушы тақтада жауап беруге ұялса немесе оқушыда шектен тыс қобалжу болатын болса, оның жауабы нашар болады, бағасы да сәйкесінше төмен бағаланады.

Екіншіден, баланың мектепке бейімделу процесі, атап айтқанда оның сыныптағы эмоционалдық әл-ауқаты көп жағдайда коммуникативті дағдыларына байланысты. Оқушы сыныптастарымен оңай тіл табыса алса, психологиялық жайлылықты сезінеді. Керісінше, басқалармен қарым-қатынас жасай алмау достар шеңберін тарылтады, қабылдамау сезімін тудырады және болашақта мінез-құлқтың қоғамға қарсы формаларын тудыруы мүмкін.

Үшіншіден, коммуникативтік дағдыларды оқу-тәрбие үрдісінде бүгінгі нәтижеліліктің ғана емес, оның болашақ өмірінің игілігінің шарты ретінде қарастыруға болады. Осыған орай айта кетерлік бір жайт, ойын арқылы балаларды дұрыс қарым-қатынас жасауға, олардың мүмкіндіктерін ашуға және басқа балалардан қорқуды жеңуге үйретуге болады.

Ойын балалар құрдастарымен қарым-қатынасқа түсетін дербес іс-әрекет ретінде ортақ мақсатпен, оған жетудегі бірлескен күш-жігермен және ортақ тәжірибемен біріктірілген. Ойын - бұл бастауыш мектеп оқушылары үшін қол жетімді әрекет түрі, ол қоршаған кеңістіктен алынған әсерлерді өңдеу тәсілін білдіреді. Ойын бастауыш мектеп оқушыларының ойлауы мен қиялының ерекшеліктерін, олардың эмоционалдылығын, белсенділігін және қарым-қатынасқа деген қажеттілігін ашады [4].

Ойын балаға қоршаған әлемді танып, ойлаудың жаңа тәсілдерін меңгеріп, әлемнің тұтас бейнесін жасауға көмектеседі. Ойын арқылы бастауыш мектеп оқушылары ұжымда әртүрлі әрекеттерді меңгереді, өз тілектерін жолдастарының мүдделеріне бағындыруды үйренеді, белгіленген ережелерді ұстана бастайды және кездескен қиындықтарды жеңу үшін белгілі бір күш-жігер жұмсайды. Ойын бастауыш мектеп оқушыларының қарым-қатынас құралы ретінде балалардың бастамашылдық, дербестік, ұйымшылдық сияқты қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді, сонымен бірге топта жұмыс істеу қабілетін дамытады. Ойын әрекетін оқыту бағдарламасымен сауатты үйлестіру мұғалімге бірінші сынып оқушыларының оқушы ретіндегі рөлін меңгеруге, олардың оқуға деген қызығушылығын дамытуға және сабақта белсенді болуға көмектесуге мүмкіндік береді.

Ойынның бала өміріндегі маңызы:

- тамақтану, денсаулық, қауіпсіздік және білім берудің негізгі қажеттіліктері сияқты ойын кез келген баланың әлеуетін дамыту үшін өте маңызды;
- ойын ой мен әрекетті біріктіретін қарым-қатынас және өзін-өзі көрсету құралы, ойын қанағаттану және табыс сезімін береді;
- ойын балалардың физикалық, интеллектуалдық, эмоционалды және әлеуметтік дамуына көмектеседі;
- ойын - бұл жай ғана ермек емес, өмір сүруді үйренудің бір жолы.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушыларда коммуникативті дағдылар тыңдай білу, өз ойын жеткізе білу және шиеленіс жағдайында өзін ұстай білу секілді дағдылармен сипатталады. Егер бұл қарым-қатынас дағдылары балада қалыптаспаса немесе дамудың төмен деңгейінде болса, ондай жағдайда оларды қалыптастырудың жасына сәйкес белгілі бір құралдарын пайдалану қажет.

Коммуникативті дағдылар баланың оқығанды түсінуі мен сөздік қоры, ойлау дағдысының ең жоғары сатысына көтерілуіне мүмкіндік береді, ал оқығанды түсінуін дамыту сәйкесінше коммуникативті дағдылары мен сөздік қорының анағұрлым озық дамуына ықпал етеді. Бастауыш мектеп оқушыларын коммуникативті іс-әрекетке жүйелі түрде қатыстырмай, коммуникативтік дағдыларын қалыптастырып, дамыту мүмкін емес. Алайда коммуникативті дағдыларды дамыту процесі, механикалық түрде емес, оқушылардың тұлғалық бағытын ескере отырып, саналы түрде жүргізілуі керек. Кеңестік және ресейлік психолог және педагог А.И. Савенков, өз кезегінде коммуникативті әрекеттің білім алушылар өзінің жеке даралығын нақтылай алған немесе өзінің рухани болмысын таныта алған жағдайда ғана табысты болатындығын атап өтеді [5]. Осы тұрғыда Е.А. Домыреваның пікірінше, бастауыш мектеп жасындағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру келесі психологиялық-педагогикалық жағдайларда тиімді болады [6]:

- коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру құрдасына қатынастың жеке түрін қалыптастыру арқылы;

– оқу және ойын әрекеті процесінде бірлескен іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру арқылы.

Біздің пікірімізше, коммуникативті дағдыларды дамыту үшін тек коммуникативті өзара әрекеттесуді ғана емес, сонымен қатар зейінді, есте сақтауды, ойлауды және т.б. дамытуға ықпал ететін танымдық ойындарда тиімді қолдану оң әсер береді. Біздің педагогикалық экспериментімізде бастауыш мектеп оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамытуға әсер ететін ойындар: «Кел танысайық!», «Жинақ», «Мәтінді жинақтау», «Арал», «Тепе-теңдікті сақта», «Жануарлар», «Арқаға сурет салу», «Мақтау» т.б. Осы ойындар арқылы бастауыш мектеп оқушылары өмірдің әртүрлі аспектілерін, ересектер арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін көре алады, осы арқылы өз білімдерін толықтырады, жеке қасиеттерін ашады, дағдылары мен коммуникативті қабілеттерін арттырады.

Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру – оқушыларды қарым-қатынас құралы ретіндегі тілді практикалық біліммен қаруландыруға бағытталған күрделі педагогикалық процесс. Бастауыш мектеп оқушыларында коммуникативті дағдыларды сыныптан тыс уақытта дамытқан дұрыс, осылайша балалардың бір-бірімен достасуға, ойынның барлық қажетті принциптерін түсінуге болатындығын атап өткен жөн. Ойын оқу-тәрбие процесінің үздіксіздігі мен бірізділігін қамтамасыз етуге көмектеседі, ортақ мүдделер мен қажеттіліктерге негізделген қолайлы эмоционалдық ортада балалар арасындағы тығыз байланыс пен қарым-қатынасқа мүмкіндік береді.

Сонымен қорытындылай келе, коммуникативті дағдыларды дамыту дегеніміз – оқушыны сұрақ қоюға және оларға нақты жауап беруге, қарастырылып отырған мәселелерді мұқият тыңдауға және белсенді түрде талқылауға, әңгімелесушілердің сөздеріне түсініктеме және оларға сыни баға беруге, өз пікірін дәлелдей білуге үйрету.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдыларын педагогикалық деңгейде дамытудың өзектілігі қоғамның әлеуметтік тапсырысымен - баланың әлеуметтік дамыған тұлғасын қалыптастырумен анықталады. Коммуникативті дағдыларды дамытудың жеткілікті деңгейіне қажетті құрамдастардың бірі болып табылатын құзіреттіліктер баланың оқуға дайындығы мен мектеп бағдарламасын ойдағыдай меңгеру мүмкіндігін береді. Бастауыш мектеп оқушыларының әлеуметтік тәжірибесін кеңейту, мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен жұмысы, сондай-ақ сыныптан тыс жұмыс та бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал ететін әдіс болып табылады. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудың сензитивті кезеңдерін ескере отырып, бірлескен іс-әрекетке негізделген коммуникативтік дағдыларды дамытудың дәл осындай құралдары, орасан зор әлеуетке ие деген пікірімізді білдіреміз.

1 Образование в Республике Казахстан: Сборник законодательных актов. - Том 1/ Под ред. М.М. Кузембаева. - Астана, 2018. - 352 с.

2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2019. - 83 б.

3 Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М. Жас ерекшелік психологиясы. Оқу құралы. - Қарағанды: Ақ Нұр баспасы, 2020. - 186 б.

4 Степанов П.В. Внеурочная деятельность. Примерный план внеурочной деятельности в основной школе. - М.,: Огни, 2022. - 128 с.

5 Савенков А.И. Развитие эмоционального интеллекта и социальной компетентности у детей. - Москва: Национальный книжный центр, 2021. - 213 с.

6 Домырева Е.А. Формирование коммуникативной компетентности детей младшего школьного возраста // Тезисы доклада Всероссийской научно-практической конференции. - Курск, 2021. - С. 174-176.

Даулетбек Е., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, шетел тілдер факультеті, топ МИЯ-23, магистрант
(*Ғылыми жетекші – Ph.D, қауымд.проф. Күтибаева А.К.*)

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА АУТЕНТТІК СЕРИАЛДАР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ МОТИВАЦИЯСЫН ДАМУ

Мотивация оқу процесінде, әсіресе шет тілін үйренуде маңызды рөл атқарады. Студенттерге жаңа тілді үйрену кезінде мотивацияны сақтау қиын болуы мүмкін, себебі бұл ұзақ және қиын процесс. Сондықтан сабақта мотивация мен белсенділікті арттырудың тиімді жолдарын табу өте маңызды.

Оқыту үрдісіндегі маңызды факторлардың бірі – мотивация. Мотивациясыз оқу мақсаттарына жету қиын. Студенттер оны оқу үдерісінде меңгерсе, олар материалдарды, әсіресе ағылшын тілін тиімдірек түсіне алады.

Кейбір мамандарда мотивацияның белгілі анықтамалары бар. Хайкаленг, Наир және Кришнасамидін пікірінше, мотивация студенттердің ағылшын тілінде оқуда табысқа жетуін анықтаудың негізгі факторы ретінде қарастырылады [1]. Соңғы жылдары көбірек назар аударып келе жатқан тәсілдердің бірі ағылшын тілі сабақтарында мотивацияны арттыру үшін аутенттік сериалдарды пайдалану болып табылады. Аутенттік